

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ZECV3392>***А. К. Курманова¹, Ш. Қапантайқызы², С. А. Тагирова³**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³М. Ақмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік

педагогикалық университеті,

Башқұртстан Республикасы, Уфа қ.

*e-mail: k_ainash_k@mail.ru

ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Бұл мақалада қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі қарастырылды. Лингвистика мен оқыту әдістемесі мәселелері қарастырылған ғылыми еңбектер тақырыпқа сай зерделенді. Зерттеу тақырыбына қатысты тілші-ғалымдардың, әдіскерлердің көзқарастары мен пікірлеріне шолу жасалды. Қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізін құрайтын тілдік бірліктер коммуникативтік аспектіде «тіл-сөйлеу-сөйлеу әрекеті» тұрғысынан сараланып, құрылымдық және функционалдық қызметі негізінде анықталды. Сөйлем деңгейіндегі дайын құрылымдар ұсынылып, түсінік берілді. Бұл дайын құрылымдар, қатысымдық жаттығу түрлерін қалыптастыруға ықпал етеді. Сөйлеу моделінің тілдік модельден ерекшеленетін белгілері көрсетілді. Грамматиканы оқытудағы проблемалар және оларды шешудің жолдары ұсынылды. Зерттеу барысында оқу үдерісінде тілдік құралдарды, яғни лексикалық бірліктер мен грамматикалық формаларды коммуникативтік мүддеге сай дұрыс қолдану іскерлігін дамытуды көздейтін, есте ұзақ мерзімге сақтауды қамтамасыз ететін қатысымдық жаттығулардың ролі ерекше екендігі дәлелденді. Оқыту мақсатына сай, күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін қатысымдық жаттығуларды дұрыс құрастырып, әдістемелік тұрғыдан шебер қолдану, тілдесім барысында оларды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру ғана емес, сонымен бірге қарым-қатынаста, яғни сөйлеу актілерін жүзеге асыруда тіл үйренушінің тілдік тәжірибесін қалыптастыруда маңызды деген тұжырым жасалды.

Кілтті сөздер: қатысымдық жаттығу, тілдік бірліктер, тіл сөйлеу, сөйлеу әрекеті.

Кіріспе

Лингвистика тіл туралы ғылымды, ал қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тілінің заңдылықтарын оқыту мен үйретудің жаңа тиімді жолдарын қарастыратыны белгілі. Профессор Н. Оралбаева: «Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мақсаты – мұғалімдерді қазақ тілін орыс мектебінде оқытудың ғылыми негізімен қаруландыру, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың өзіндік ерекшелігін меңгерту, түрлі әдіс-тәсілдері, тиімді жолдарымен таныстыру, оқушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда оларды пайдалана білуге бейімдеу, бағыттау керек», - десе [1, 38], әдіскер-ғалым Қ.Жақсылықова: «...қазақ тілінің жүйесіне, қазақ тіл білімінің негізгі заңдылықтарына сүйену, қазақ және орыс тілдері жүйесін салыстыра талдау мәліметін ескеру сияқты мәселелерге көңіл бөлу керек», - деп пікір білдірген болатын [2, 33]. Себебі қазақ тілінің өзіне ғана тән заңдылықтары мен грамматикалық ережелерін үйренбей, студент, оқушы немесе тіл үйренуші ойын қазақ тілінде басқаларға жеткізе алмайды. Яғни, тілдің қатысымдық қызметі жүзеге аспайды. Осы тұрғыдан келгенде, тілдің қатысымдық қызметін атқаруда белсенді қолданылатын грамматикалық заңдылықтарды қатысымдық жаттығулар арқылы үйретіп, лексикалық минимумын еркін қолдана алатындай жүзеге асыруымыз қажет.

Жалпы тілді оқыту осы кезеңге дейін жүйелілік-құрылымдық тұрғыдан белсенді зерттелді, бірақ қазіргі ғылымдағы антропоцентристік парадигмаға сәйкес тілді қатысымдық-бағдарлы оқытуға қатысты зерттеулер аз. Осы өзекті мәселе бірнеше зерттеу еңбектеріміздің нысанына айналғаны белгілі [3, 402]. Зерттеуімізде тек тілдің грамматикасы мен лексикасын игертуді ғана емес, сонымен қатар сол тілде қарым-қатынас жасауға қажетті дағдыларды игерту, тілді шынайы өмірде қолдануға бейімдеу, қарапайым қатынаста қазақ тілінде тиімді сөйлесе алу керек екені дәйектелген болатын [4, 92]. Тіл үйретудегі түпкі мақсат біреу – тілді қатынас құралы ретінде пайдалануға үйрету, бірақ оған таза формальдық жолмен емес, сол форманың ішкі мағынасын түсініп, орынды қолдана білу арқылы сөйлеуге үйрету. Бұл ретте, әдіскер-ғалым Е.И. Пассов: «...ой алмасу сөйлеудегі грамматикалық формаларды меңгерудің жатық деңгейдегі жоғары дәрежесін білдіреді, грамматикалық дағдыларсыз өз ойларын білдіру мүмкін емес», - деген тұжырым айтады [5, 6]. Бұл орынды, өйткені дәстүрлі түрде біз грамматиканы оқытуда есте сақтауға арналған ережелер мен сөйлеу заңдылықтарын оқытамыз. Алайда грамматиканы үйрету үшін қолданатын әдістер әрдайым тиімді бола бермейді. Сондықтан ең алдымен психологиялық кедергіні жоюға және грамматиканы үйренуге оң түрткі болатын дәстүрлі емес тәсілдерді қолдану керек әрі оқыту «дамып келе жатқан өнер» болғандықтан [6, 13], білім алушылардың қабілеттерін, оның ішінде тілдік қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін жаттығуларға

жүгіну қажет. Осы орайда, оқытудың негізі іс-әрекеттегі қатысымдық жаттығулар болады. Сол себепті қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізін құрайтын негізгі тілдік бірліктерді коммуникативтік аспектіде саралап, құрылымдық және функционалдық қызметін анықтау, қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізін ашу мақсат етілді. Оны жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды: зерттеушілердің осы бағыттағы пікірлеріне талдау жасау; грамматиканы оқытуда кездесетін проблемаларды анықтау және оны шешу жолдарын ұсыну; тілдік бірліктерді коммуникативтік аспектіде «модель, сөйлеу үлгісі, сөйлеу әрекеті» тұрғысынан саралап, құрылымдық және функционалдық қызметін анықтау.

Материалдар мен әдістері

Қазақ тілін шетел тілі және екінші тіл ретінде оқытуда грамматиканың орны ерекше. Тіл үйренуші тілді үйренудің алғашқы қадамында негізгі грамматикалық құрылымдарды үйрене бастайды және айтайын деген ойын құрылымдық, стилистикалық тұрғыдан дұрыс құрылған сөйлемдермен жеткізуге талпынады. Сондықтан негізгі тілдік бірліктерді және олардың қолданылу ерекшеліктерін білу – басты мәселе. Ол үшін ең алдымен грамматикалық бірліктер мен категориялар туралы білім қалыптастыру керек. Тек тіл деңгейлері мен бірліктерінің өзара байланысын, тіл білімінің негізгі ұғымдарын игерту арқылы ғана тілдің грамматикалық негізі мен коммуникативтік мақсатын ұштастыруға мүмкіндік туындайды. Грамматиканы оқыту білім алушылардың сауатты болуына, сөз жүйесін дұрыс пайдалана білуіне жол ашады. Тіл білімінің негізгі заңдылықтарын жетік меңгермей тұрып, тілді дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге үйрету мүмкін емес. XX ғасырдың басында қазақ халқының біртуар ұлы, әдіскер-ғалымы А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде: «... сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлеген сөздің жүйесін, қисынын келтіріп, сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек», - деп қорытынды жасайды [7, 142]. Бұл жерде ғалым дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін негізгі тілдік заңдылықтар мен қағидаларды білудің маңыздылығын көрсеткен.

Жалпы грамматиканы оқытуға байланысты түрлі көзқарастар баршылық. Тарихқа үңілетін болсақ, 20-жылдары «грамматиканы арнайы оқытудың қажеті жоқ, ол сөйлеу барысында оқушылардың өздері-ақ үйренеді» деген көзқарас үстем болды. 30-жылдары оқушыларға сөйлеу, жазу дағдыларын үйрету тілдің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін меңгертумен қатар жүргізілді. 50-жылдары оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларындағы олқылықтар сөздердің


лексикалық мағыналарын үйретуге аз көңіл бөлгендігінен деп танылды. 80-жылдары батыста С.Крашеннің идеясы кеңірек тарады, ол сабақта қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы грамматиканы табиғи түрде меңгеруге болады деген болатын [8, 83]. Сонымен қатар 60–90 жылдары сол кездегі бағдарламаларға сәйкес бір-бірімен байланыссыз жеке грамматикалық формалар мен категориялар баса оқытылды, яғни грамматикалық талдау мен грамматикалық ережелерді жаттату белең алды. Осы ретте, тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының: «Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына, жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс», - деп тұжырымдауы кейінгі ғылыми еңбектерде заңды жалғасын тапты [9, 300]. Мысалы, әдіскер-ғалым К.Жақсылықова: «...үйрететін тіл туралы, оның өзіндік ерекшеліктері мен грамматикалық құбылыстарын, заңдылықтарын танып білмейінше, ол тілді үйрену мүмкін емес. Сондықтан өзге тілді оқыту процесінде, соның ішінде өзге ұлтқа қазақ тілін оқытуда тіл үйренушілердің сөйлеу тілін қалыптастыру тұрғысынан алып қарасақ, грамматиканың орны ерекше», - деп атап көрсетеді [10]. Себебі грамматикалық құрылымның ережесін білу екінші тілді практикалық жағынан меңгеруді тездетеді. Біз бұл мәселеге қатысты Ф. Оразбаеваның пікіріне қосыламыз: «...қазақ тілін оқытуда қажеті шамалы ұзын-сонар күрделі де қиын ережелерді жаттатудан аулақ болып, сөйлесім мен тілдесімді жүзеге асыратын тілдік қатынастың негіздерін меңгерткен жөн. Кез келген ереже сөйлеуді үйретуге қызмет етіп, тілдесу, пікірлесу үшін оқытылғанда ғана басты мақсат орындалады» [11, 145]. Сондықтан, тіл үйретудегі басты шарт – грамматикалық ережелерді тиімді, қарапайым тәсілдер арқылы түсіндіру, қатысым әрекетінде қолдану жолдарын меңгерту болуы тиіс.

Ғылыми жұмыс барысында әртүрлі ақпарат көздерінен алынған теориялық деректерді зерттеу мен талдау, тақырыптық, мазмұндық шолу, сипаттау, салыстыру, жүйелеу, қорыту әдісі қолданылды. Тақырыптық әдіс негізінде ғылыми-теориялық материалдар жүйеленді, мазмұндық шолу жасау әдісі негізінде сипатталды. Тілші-ғалымдар мен әдіскерлердің пікірлері сыни тұрғыдан сарапталды. Грамматиканы оқытуда кездесетін проблемалар мен оны шешу жолдары талдау, жинақтау әдістері негізінде анықталды. Салыстыру әдісі негізінде сөйлеу моделінің өзіндік ерекшелігі танылды. Қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізін құрайтын тілдік бірліктер айқындалды. Соның нәтижесінде қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі жүйеленді.

Нәтижелер және талқылау

Қазақша сөйлеуге үйрету үшін фонетика, лексика, грамматиканы оқыту барысында тіл үйренушілердің білім дағдысын қалыптастыру

мен жетілдірудің өзгешелігі бар. Бұл тілдік салалар мен материалдарды тізбектеп оқыта берумен емес, керісінше, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалдарын танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен ерекшеленеді. Осы орайда, ғалым Б. В. Беляевтің: «Теориялық білім болып табылатын грамматикалық ережелер қажетті сөйлеу дағдылары мен мүмкіндіктерін өз-өзінен тудыра алмайды. Студенттер грамматикалық білімдердің көмегімен шет тілдің грамматикалық ерекшеліктерін сезініп (түсініп), сөйлеуге жаттыққан кезде ғана ол білімдердің тілді меңгеруге көмегі тиеді», - деген пікірі біздің тұжырымымызбен сәйкес келеді [12]. Әрі тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының мына пікірі грамматиканы оқытуда өте маңызды: «Сөз дұрыстығы – әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды. Ол үшін сөз мағынасын, тұлғасын өзгертетін жалғау жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек; сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру керек; сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластыру, дұрыс орналастыру керек» [13, 165]. Сондықтан әр грамматикалық форма дұрыс анықталып, коммуникативтік мүддеге сәйкес таңдалуы, белгілі бір грамматикалық мағынаны жеткізетін грамматикалық формалар функционалдық тұрғыда үйретіліп, тілдік бірліктер мен құрылымдарды түрлендіре қолдану қажет. Әсіресе, тіларалық, тілішілік интерференция негізіндегі стилистикалық қателерді болдырмау үшін сөздердің орын тәртібіне үнемі назар аудару керек. Осы орайда, тілдік бірліктерді коммуникативтік аспектіде «модель, сөйлеу үлгісі, сөйлеу әрекеті» тұрғысынан қарастыруды жөн санадық. Тілді, сөйлеуді және сөйлеу әрекетін бірлікте дамытуды көздейтін құрылымдық лингвистиканың модельдеу әдісі үлкен рөл атқарды. Әдіскер-ғалым Е. И. Пассов: «Модель – белгілі бір сөйлеу бірлігінің (бірліктер қатарының) белгілі бір құрылымын көрсететін символдық формула», – деп түсіндіреді [14]. Тілді үйрету әдістемесінде грамматикалық материалдарды көрнекі түрде ұсынудың модель, кесте, сызба тәрізді бірнеше түрлері бар. Соның бірі профессор Ш.К. Курманбаева ұсынған *грамматикалық формулалар* [15, 204]. Ол грамматикалық материалды ұсынудың ең тиімді жолы саналады. Бұлардың ортақ ұқсастықтары – оқытуды бағдарлау, құрылымды алгоритмдеу. Грамматикалық формулалар өзгеріске түспейтін, әрқайсысының өзіне ғана тән нақты грамматикалық мағыналары бар графикалық белгілерден жасалады. Мысалы, төмендегі екі формула да жедел өткен шақтың болымсыз түрін береді:



Тұйық етістікке табыс септігінің жалғауы қосылу арқылы жасалған күрделі етістік және онымен мағыналас болып келетін –қан/-кен, –ған/-ген формалы есімшелі күрделі етістіктердің грамматикалық формуласы:



Мысалдар арқылы мағыналарын түсіндіру көзделеді: *Бала кітап оқуды ұнатады* = *Бала кітап оқығанды ұнатады*. *Ол шындықты айтуды жақсы көреді* = *Ол шындықты айтқанды жақсы көреді*. *Қазақ тілі сабағында шығарма жазуды үйрендік* = *Қазақ тілі сабағында шығарма жазғанды үйрендік*. Бұл грамматикалық формулалардың дидактиканың жүйелілік, саналылық ұстанымдарына сай келуі оның тиімділігін айқындайды. Әрі қазақ тілін үйрету үдерісінде грамматикалық материалдарды ұсынудың ең жылдам, ыңғайлы, көрнекті тәсілі ретінде бағаланады.

Зерттеуші С.Ф. Шагиловтың пікірінше, сөйлеу моделі дегеніміз – бұл белгілі бір қарым-қатынас жағдайында тілдік модельді коммуникативтік және жағдаяттық мүддеге сай жүзеге асыру. Ол тілдік модельден: нақты ситуациялық немесе контекстік шартты лексикалық мазмұнмен анықталады; сөйлемнің мазмұнымен анықталатын логикалық екпін арқылы беріліп, сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түріне байланысты ырғақтық-интонациялық ерекшелікпен жеткізіледі; белгілі бір ақпаратты жеткізуде сөйлем ішінде қолданылатын сөйлем мүшелерінің меңгерілетін тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес грамматикалық формада берілуімен ерекшеленеді. Шет тілін оқыту әдістемесінде сөйлеу үлгісінің негізін анықтауда ғалым В. Д.Аракин: «Сөйлеу үлгісі дегеніміз – тұрақты жалпыланған мазмұны (мағынасы) және тұрақты құрылымы бар әрі белгілі бір құрылымдық-семантикалық типтегі ортақ және ерекше белгілері бар сөйлеуде жүзеге асырылатын саны шексіз құрылымдық-семантикалық тип», - деп құбылысты нақты ашады [16]. Мысалы, «*қарны аш субъектінің*» күйін білдіру. *Менің тамақ ішкім келеді*. Берілген сөйленім үлгілерінің құрылымындағы сөйлеу үлгісі тұрақты және тұрақсыз элементтерге ие

болатынын байқаймыз. Мысалы, *Менің шай ішкім келеді. Менің шырын ішкім келеді. Менің су ішкім келеді. Менің сорпа ішкім келеді.* Сөйлеу үлгісіндегі тұрақты элементтерге: сөйленім мазмұны (мағынасы), сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі (құрылымы), айтылым мақсатына қарай сараланған сөйлем мүшелерінің саны, сөйлемнің морфологиялық және ырғақтық-интонациялық жағынан ерекшеленуі, сөздердің семантикалық жағынан үйлесімділігі жағады. Сөйлеу үлгісіндегі тұрақсыз элементтерге сөйленімнің мазмұнын жеткізетін коммуникативтік мақсатқа сай сұрыпталған лексикалық минимум жағады. Өзге тілді үйрету әдістемесінде сөйлеу үлгісінің рөлі ерекше. Ол сөйлеу үлгісінің әдістемелік құндылығымен анықталады. Сөйлеу үлгісі тілдің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық деңгейлерін қабылдауға немесе қолдануға дайын қалыптағы сөйлеу тұтастығына, сөйлемнің бойына жинақтайды. Сөйлеу үлгісін қарапайым түрде сөйлем ретінде түсінеміз. Сонымен қатар коммуникативтік мүддеге сай лексикалық бірліктермен құрылымдық жағынан үнемі өзгеріп өзгеріп отыруымен, алайда сөйлемнің грамматикалық құрылымының сақталуымен ерекшеленеді.

Сөйлеу әрекеті – бұл қарым-қатынас процесінде адамның коммуникативті-танымдық қажеттілігін қанағаттандыру үшін қалыптасқан және тұжырымдалған белсенді, мақсатты, дәлелді, пәндік (мазмұнды) үдеріс. Қазақ тіліндегі сөйлеу әрекетін меңгеру тіл үйренушінің ана тілінің қалыптасқан жүйесі негізінде ғана іске асырылуы мүмкін. Сондықтан қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі үшін тілдік байланыстарды анықтау саласындағы зерттеу нәтижелері өте маңызды. Бұл зерттеулер екінші тілдегі сөйлеу әрекетін қалыптастыру кезінде оқушының ана тілі тілді меңгеру сапасына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін екенін көрсетті. Тілді меңгеру барысындағы оң әсерлер *трансфер (ауысу)*, ал ана тілінің шет тіліне теріс әсері *интерференция* деп аталды. Интерференцияның екі түрі бар. Бірінші түрі ана тілінің әдеттегі нормаларын шет тіліне ауыстырған кезде және шет тілі нормаларын ана тіліне көшіргенде – *тілаларлық интерференция* құбылысы көрініс табады. Мысалы, *In Almaty there are monuments, museums – Алматыда бар ескерткіштер, мұражайлар. I likes Almaty a lot – Алматы ұнайды маған өте.* Берілген сөйлемдерде тіл үйренуші ойын жеткізуде ана тілінің заңдылықтарымен жеткізіп отырғанын бірден байқаймыз. Сондықтан мұндай қателіктерді болдырмау үшін модельдеу әдісі негізінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі тақырыбын меңгертіп, тілдік дағдысын жатық деңгейге жеткізуге болады. Екінші түрі бұрын бір тілде зерттелген теориялық материалдарды екінші зерттелетін тілге ауыстырған кезде – *тілішілік интерференция* іске асырылады. Мысалы, *Он делает утреннюю зарядку. Ол таңертеңгілік жаттығуын жасап жатыр. Я думаю, что мне нужно делать каждый день утреннюю гимнастику. Мен ойлаймын, маған*

күнде таңертеңгі гимнастиканы жасау керек. Бұл тілішілік интерференция құбылысы барысында ана тілінің бір грамматикалық категориясының түрлі грамматикалық формаларын үйретілетін тілде берілу жолдарын салыстыра, салғастыра үйрете отырып, тілдік санасын қалыптастыруға жағдай жасайды. Тілдерді сәйкестендіру екінші тілді меңгеру механизмінің қалай жұмыс істейтінін және интерференцияның қалай көрінетінін түсінуге ықпал етеді.

Қорытынды

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыру – оның барлық қызметін бірлікте қарастыруды мақсат тұтатын күрделі құбылыс. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелерін қатысымдық бағдарлы оқытуға баса назар аудара отырып зерттедік. Оқытуда грамматикалық және лексикалық аспектілерді меңгерумен қатар, қарым-қатынас дағдыларын дамыту басты рөл атқаратынын байқадық. Қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі қазақ тілін шет тілі және екінші тіл ретінде оқыту аясында талданды. Тілралалық және тілішілік байланыс негізінде туындайтын қиындықтар анықталып, оны шешудің жолдары ұсынылды. Сөйлеу моделінің тілдік модельден ерекшеленетін белгілері анықталды. Грамматикалық негіз тіл үйренушілердің өз ойлары мен идеяларын нақты және құрылымды түрде жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамытуда шешуші рөл атқарады. Грамматикалық құрылымға негізделген қатысымдық жаттығулар тіл үйренушілерді тек грамматикалық ережелер туралы біліммен ғана емес, оларды нақты қарым-қатынас жағдайында қолдана білумен де байытатынын зерттеу көрсетті. Олар тілдік нормаларды ескере отырып, тіл үйренушілерге өз ойларын жеткізуге мүмкіндік беретін сындарлы диалог дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Белсенді және практикалық қарым-қатынасқа баса назар аударатын қазіргі заманғы оқыту әдістері жағдайында қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі ерекше маңызға ие. Грамматикалық құрылымдарды қатысымдық жаттығулар шеңберінде модельдеу тіл үйренушілерге тілдік дағдыларды тек теориялық деңгейде ғана емес, сонымен қатар практикалық қолдану деңгейінде де меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, келесідей тұжырымдар жасалды:

1) Қатысымдық жаттығулардың грамматикалық негізі тілді тиімді оқытудың құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Ол тіл үйренушілерге тілдік ережелерді түсініп қана қоймай, оларды тиімді қарым-қатынас үшін пайдалана білуді қамтамасыз етеді, яғни теориялық білім мен практикалық дағдылар арасындағы байланысқа негіз болады.

2) Грамматикалық ережелерді түсіндіруде пайдаланылған грамматикалық формулалар күрделі құрылымдар мен ережелерді тез және дәл жеткізуге

мүмкіндік берді. Ол тіл үйренушілердің грамматикалық құрылымдарды терең түсінуіне және меңгеруіне ықпал етеді.

3) зерттеулеріміз бен мамандардың пікірлеріне сүйене отырып, қазақ тілін толық меңгеру үшін дәстүрлі әдіс-тәсілдерді қатысымдық бағдарлы оқытумен ұштастыру қажет. Бұл көптілді қоғамда және күнделікті өмірде қазақ тілінің қарым-қатынас құралы ретінде нәтижелі бейімделуіне негіз жасайды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Оралбаева, Н., Жақсылықова, К.** Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі [Текст]. – Алматы : Ана тілі, 1996. – 208 б.

2 **Жақсылықова, К.** Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми теориялық негіздері: автореф. пед. ғыл. докт. [Текст]. – Алматы : АлМУ, 2001. – 54 б.

3 **Қурманова, А. К., Қурманбаева, Ш. К.** Қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесінің зерттелуі [Текст] // Торайгыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2022. – № 1. – Б. 400–412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>

4 **Қурманова, А. К.** Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері [Текст] // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – № 2. – Б. 91–101.

5 **Пассов, Е. И.** Коммуникативные упражнения (на материале немецкого языка) [Текст]. – Москва : Просвещения, 1967. – 97 с.

6 **Ur, P. A.** Course in Language Teaching. Cambridge: Cambridge University Press. 2012. – 336 p.

7 **Байтұрсынов, А.** Алты томдық шығармалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер) [Текст]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т. IV : – 384 б.

8 **Krashen, S. D.** The Power of Reading. Portsmouth, NH: Heinemann. 2004. – 202 p.

9 **Байтұрсынов, А.** Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) [Текст]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т. III : – 384 б.

10 **Жақсылықова, К.** Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми теориялық негіздері : монография [Текст]. – Алматы : Білім, 2000. – 251 б.

11 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас : теориясы және әдістемесі : оқу құралы [Текст]. – Алматы : БІ. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. – 208 б.

12 **Беляев, Б. В.** Очерки по психологии обучения иностранным языкам [Текст]. – Москва : Просвещение, 1965. – 227 с.

13 **Байтұрсынов, А.** Алты томдық шығармалар жинағы [Текст]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – Т. I : – 384 б.

14 **Пассов, Е. И.** Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению [Текст]. – Москва : Просвещение, 1991. – 223 с.

15 **Курманбаева, Ш. К.** Қазақ тілін жеделдете оқыту : теориясы мен әдістемесі : монография [Текст]. – Өскемен : С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 278 с.

16 **Аракин, В. Д.** Сравнительная типология английского и русского языков. Учебное пособие. – 3-е изд. [Текст]. – Москва : Физматлит, 2005. – 231 с.

References

1 **Oralbaeva, N., Zhaksylykova, K.** Orys tilindegi mекtepterde kazak tilin okytu adistemesi [Methods of teaching Kazakh in schools with Russian as the language of instruction] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1996. – 208 p.

2 **Zhaksylykova, K.** Kazak tilin orys tildi bolimderde modul'men okytudyn gylymi teoriyalyk negizderi: avtoref. ped. gyl. dokt. [Scientific and theoretical foundations of modular teaching of the Kazakh language in Russian-speaking audiences : Aftoref. dis. doctor of pedagogical sciences] [Text]. – Almaty : ALMU, 2001. – 54 p.

3 **Kurmanova, A. K., Kurmanbaeva, Sh. K.** Katysymdyk bagdarly okytu masesinin zerttelui [Research of the problem of communicative orientation of learning] [Text] // Torajgyrov universitetinin habarshysy. Pedagogikalik seriyasy. – 2022. – №1. – P. 400–412. <https://doi.org/10.48081/JUAP1704>

4 **Kurmanova, A. K.** Bilim alushylardyn kommunikativtik kuzyrettiligin kalypstasyrudyn tiimdi adisteri [Effective methods of student communicative competence formation] [Text] // Sh.Ualihanov atyndagy Kokshetau universitetinin habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2022. – № 2. – P. 91–101.

5 **Passov, E. I.** Kommunikativnye uprazhneniya (na materiale nemeckogo yazyka) [Communication exercises (based on the material of the German language)] [Text]. – Moskva : Prosveshcheniya, 1967. – 97 p.

6 **Ur, P. A.** Course in Language Teaching. Cambridge: Cambridge University Press. 2012. – 336 p.

7 **Bajtursynov, A.** Alty tomdyk shygarmalar zhinagy (Tote zhazudagy tungysh alippeler zhәne ulttyk baspasozde zhariyalangan kosemsozder) [Collected works in six volumes (the first alphabets in an abbreviated letter and prefaces published in the national press)] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – Т. IV : – 384 p.

8 **Krashen, S. D.** The Power of Reading. Portsmouth, NH : Heinemann. 2004. – 202 p.

9 **Bajtursynov, A.** Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Til – kural (kazak tili men oku-agartuga katysty enbekteri) [Collected works in six volumes. Language-tool (works on the Kazakh language and education)] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – Т. III : – 384 p.

10 **Zhaksylykova, K.** Kazak tilin orys tildi bolimderde modul'men okytudyn gylymi teoriyalyk negizderi : monografiya [Scientific and theoretical foundations of modular teaching of the Kazakh language in Russian-speaking audiences : monograph] [Text]. – Almaty : Bilim, 2000. – 251 p.

11 **Orazbaeva, F. Sh.** Tildik katynas : teoriyasy zhane adistemesi : oku kuraly [Language communication : theory and methodology : textbook] [Text]. – Almaty : Y. Altynsarin atyndagy Kazak bilim akademiyasynyn Respublikalyk baspa kabineti, 2000. – 208 p.

12 **Belyaev, B. V.** Ocherki po psihologii obucheniya inostrannym yazykam [Essays on the psychology of teaching foreign languages] [Text]. – Moskva : Prosveshchenie, 1965. – 227 p.

13 **Bajtursynov, A.** Alty tomdyk shygarmalar zhinagy ` [Collected works in six volumes] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – Т. I : – 384 p.

14 **Passov, E. I.** Kommunikativnyj metod obucheniya inoyazychnomu govoreniyu [Communicative method of teaching foreign language speaking] [Text]. – Moskva : Prosveshchenie, 1991. – 223 p.

15 **Kurmanbaeva, Sh. K.** Kazak tilin zhedeldete okytu : teoriyasy men adistemesi : monografiya [Accelerated learning of the Kazakh language: theory and methodology : monograph] [Text]. – Oskemen : S. Amanzholov atyndagy SHKMU baspasy, 2012. – 278 p.

16 **Arakin, V. D.** Sravnitel'naya tipologiya anglijskogo i russkogo yazykov. Uchebnoe posobie. – 3-e izd. [Comparative typology of English and Russian languages] Uchebnoe posobie. – 3-e izd. [Text]. – Moskva : Fizmatlit, 2005. – 231 p.

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*А. К. Курманова¹, Ш. Капантайқызы², С. А. Тагирова³

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана;

³Башкирский государственный педагогический университет

имени. М. Акмуллы,

Республика Башкортостан, г. Уфа.

Принято к изданию 30.11.23.

ГРАММАТИЧЕСКАЯ ОСНОВА КОММУНИКАТИВНЫХ УПРАЖНЕНИЙ

В данной статье рассмотрена грамматическая основа коммуникативных упражнений. Представлен обзор взглядов и мнений ученых-языковедов, методистов по теме исследования. Языковые единицы, составляющие грамматическую основу коммуникативных упражнений, были дифференцированы в коммуникативном аспекте с точки зрения «язык-речь-речевая деятельность», определена их структурно-функциональная функция. В статье приведены примеры и даны разъяснения готовых структур на уровне предложения, способствующих формированию видов коммуникативных упражнений, выявлены проблемы в обучении грамматике и предложены их решения, а также показаны признаки, отличающие речевую модель от языковой. В ходе исследования доказано, что в учебном процессе особую роль играют коммуникативные упражнения, обеспечивающие долговременное запоминание, которые предусматривают развитие умения правильно использовать языковые средства, то есть лексические единицы и грамматические формы в коммуникативных интересах. Автор пришел к выводу о том, что правильное составление и методически грамотное использование коммуникативных упражнений, позволяющих достичь ожидаемых результатов обучения в соответствии с целью обучения, важно не только для формирования коммуникативных умений, но и для формирования языкового опыта, изучающего язык в общении, т. е. в реализации речевых актов.

Ключевые слова: коммуникативное упражнение, языковые единицы, язык, речь, речевая деятельность.

*A. Kurmanova¹, Sh. Kapantaikyzy², C. A. Tagirova³

^{1,2}L. Gumilyov Eurasian National University,

Kazakhstan, Astana;

³Bashkir State Pedagogical

University named after M. Akmulla,

Bashkortostan, Ufa.

Accepted for publication on 30.11.23.

GRAMMATICAL BASIS OF COMMUNICATIVE EXERCISES

The article investigates the grammatical basis of communicative exercises. The author presents the views and opinions of linguists and methodologists on the research topic. The linguistic units that make up the grammatical basis of communicative exercises were differentiated in terms of the communicative aspect – «language-speech-activity», their structure and functions were determined. The author gives examples and explanations of ready-made sentence structures that help to form different types of communicative exercises. The article identifies problems in teaching grammar as well as features that distinguish a speech model from a language one. The study has proved that pair - or group exercises provide long-term memorization, develop the ability to correctly use lexical units and grammatical forms in the process of communication. The author came to the conclusion that the correct and methodically competent use of communicative exercises allows to achieve the expected learning outcomes, to develop communicative skills and to form the language learning experience in the process of communication.

Keywords: communicative exercise, language units, language, speech, speech activity.

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz